

## Шахтинск қаласы әкімдігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 19 сәуірдегі N 7/12 қаулысы. Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 мамырда N 8-8-80 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі N 11/4 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 04.04.2014 N 11/4 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының негізінде, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шахтинск қаласы әкімдігінің келесі нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілсін:

Шахтинск қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 8/16 "Шахтинск қаласында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-8-69 тіркелген; "Шахтинский вестник" газетінің 2009 жылғы 31 шілдедегі N 31 (984) жарияланған); Шахтинск қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 8/17 "Шахтинск қаласының жұмыссыз жастары үшін дипломнан кейінгі кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-8-70 тіркелген; "Шахтинский вестник" газетінің 2009 жылғы 31 шілдедегі N 31 (984) жарияланған) кіріспесіндегі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 "Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына" деген сөздер алып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары **Б.К. Егишевке** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Е. Утешев*